

А 2009
16619к

ТІЛ-КҮРЕТАМЫР

**Н. Оралбаева
К. Жақсылықова**



**ОРЫС ТІЛІНДЕГІ
МЕКТЕПТЕРДЕ
ҚАЗАҚ
ТІЛІН ОҚЫТУ
ӘДІСТЕМЕСІ**

Н. ОРАЛБАЕВА, К. ЖАҚСЫЛЫҚОВА

**ОРЫС ТІЛІНДЕГІ
МЕКТЕПТЕРДЕ
ҚАЗАҚ ТІЛІН
ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

*Жоғары оқу орындары
студенттеріне арналған оқулық*

АЛМАТЫ
«АНА ТІЛІ»

1996

ББК 74.261.4

О 65

Қазақстан Республикасы Білім министрлігі жоғары оқу орындарының филология факультеттерінің студенттеріне арналған оқулық ретінде мақұлдаған.

О 65 Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі — Алматы: Ана тілі, 1996—208 бет.

ISBN 5-630-00459-X

Оқулықта қазақ тілін орыс мектептерінде оқыту әдістемесі — лингвистикалық, психологиялық, дидактикалық негізі, тарихи даму жолы бар жүйелі ғылыми-теориялық курс ретінде қарастырылады.

О $\frac{4306010200-090}{415(05)-96}$ 002—96

ISBN 5-630-00459-X

ББК 74.261.4

© Оралбаева Н., Жақсылықова К., 1996

АЛҒЫ СӨЗ

Оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептерде қазақ тілі кейбір үзілістердің болғанымен ертеде оқытылып келді. Бірақ қазақ тілінен арнайы мұғалім дайындау соңғы 5 жылға дейін болмаған іс еді. Ана тіліміздің мемлекеттік дәреже алуына байланысты барлық оқу орындарының орыс тілді бөлімдерінде, мектептерде қазақ тілін оқыту ісі жүзеге асырылып жатыр. Бірақ мұғалім жетіспеуіне байланысты қазақ тілінен сабақты мүлдем басқа мамандықтың (тарихшы, математик, биолог т. б.) адамдары беріп жүргені жұртқа мәлім. Бұл өте қынжыларлық жағдай.

Мемлекеттік тілдің өз қызметін толық атқаруы үшін, Қазақстанды мекендейтін халықтардың ол тілді білуі парыз. Еіліміз көп ұлтты мемлекет болғандықтан, басқа ұлттардың қазақ тілін меңгеруі үшін, қазақ тілінің арнайы мамандары болып, олар қазақ тілін шебер оқытуы қажет. Ондай мамандар даярлау — жоғары оқу орындарының міндеті. Бұл міндетті абыроймен орындау үшін, жоғары оқу орындарының мамандары, оқулықтары, оқу құралдары, техникалық құралдары жеткілікті болуы қажет.

Оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептерге мұғалімдер даярлау бөлімі жаңадан ғана ашылғандықтан, оларға керек оқулықтарды дайындау ісі де енді-енді қолға алынып жатыр. Ұсынылып отырған оқулықты осы істің бастамасы деп атауға болады. Бұл оқулық 1992 жылы шыққан оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесінің бағдарламасы (құрастырғандар — Н. Оралбаева, К. Жақсылықова) бойынша жазылды. Оқулықты жазуға осы саладағы зерттеуші ғалымдар еңбектері, олардың эксперименттері, үздік мұғалімдер тәжірибелері негіз болды.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Н. Оралбаева «Қазақ тілін оқыту әдістемесі, оның мақсаты мен мазмұны» (I), Қазақ тілін ұлттық мектептерде оқыту әдістері (V), Ұлттық мектептердегі қазақ тілі сабағының түрлері мен құрылысы (VI), Оқушылардың қазақша тілін дамыту (VII), Фонетика мен орфографияны оқыту (VIII), Қазақ тілінің лексикасын оқыту (IX), Грамматиканы оқыту (X) мәселелерін жазды.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Қ. Жақсылықова «Қазақ тілін басқа ұлттарға оқытудың тарихы» (II), «Қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориялық негіздері» (III), «Қазақ тілін оқы-

тудың мазмұны» (IV), «Қазақ тілінен тереңдете оқыту жұмыстары» (XI), «Қазақ тілі сабағында қолданылатын ойындар және оларды ұйымдастыру жолдары» (XII) мәселелерін жазды.

Оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептердің қазақ тілі пәні мұғалімдері, студенттер, аспиранттар, ізденушілер де бұл оқулықты пайдалануына болады.

Осы мәселедегі бұл тұңғыш оқулық болғандықтан, олқылықтары болуы заңды. Оқырман қауым, ескертпе, пікірлеріңізді Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің қазіргі қазақ тілі кафедрасына жіберулеріңізді авторлар өтінеді.

I. ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ПӘНІ, ОНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Қазақ тілін орыс тілінде оқытатын мектепте оқыту әдістемесі — қазақ тілін оқытудың тиімді жолдары мен тәсілдерін, қазақша дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдыларын қалыптастырудың әдіс-тәсілдерін баяндайтын педагогикалық ғылым.

Оқу орыс тілінде жүргізілетін мектепте қазақ тілін оқытын оқушы өзіне таныс емес тілдің дыбыстық құрамын, дыбыстардың айтылу нормасын, дыбыстық заңдылықтарын, оның грамматикалық құрылысын игеруге, ойын еркін жеткізуге, басқаның сөйлеуін түсінуге, жеткілікті дәрежеде сөздік қорын меңгеруге тиісті және қазақша сөйлеуге жаттығып, қазақ тілінде қарым-қатынас жасай алуы қажет. Оқушыны мұндай дәрежеге жеткізу үшін, оқытудың өзіндік тәсілдері мен амалдары, жолдары бар. Басқа ұлтқа қазақ тілін оқыту әдістемесі қазақ тілін оқышының ана тілінің ерекшелігін ескере отырып, оны үйретудің түрлі тиімді жолдарын көрсетуге тиісті. Бұл ана тілін оқыту әдістемесінен екінші тілді оқыту әдістемесінің өзіне тән ерекшеліктері болатынын дәлелдейді. Алайда орыс тілінде оқытатын мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесінің, қазақ тілін қазақ мектебінде оқыту әдістемесімен, орыс тілін ұлт мектебінде оқыту әдістемесімен және шет тілдерін оқыту әдістемесімен тығыз байланысты жақтары да күшті. Сондықтан олар бір-бірінен нәр алып, толығып, жетіліп отырады. Тілдерді оқыту әдістемесінің байланыстылығы, жалпы ортақ мәселелерінің көптігі соңғы кезде лингводидактика (тілдерді оқыту жариясы) ғылымын туғызды. Сондықтан орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі — тілдерді оқытудың жалпы теориясы — лингводидактиканың бір бөлімі болып табылады. Қазақ тілін орыс мектебінде оқыту әдістемесінің ғылыми тұрғыдан зерттелу тарихы ұзақ емес. Соңғы кезде басқа ұлтқа қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелерін зерттеу мемлекетіміздің ірі университеттерінде, институттарында, ғылыми институттарда жүргізіліп жатыр. Бірақ бұл осы

салада жасалуға тиісті жұмыстар, зерттелуге тиісті мәселелердің бастамасы ғана. Орыс мектебінде қазақ тілін оқыту әдістемесінің барлық мәселерлері жүйелі түрде, жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Ғылымның бұл түрінің ғылыми-теориялық негізін тиянақты құру — бүгінгі өмір талабынан туып отырған өте күрделі және қажет мәселе. Бірақ ол — қысқа уақытта тез жасала қалатын іс емес. Ол бірсыпыра уақытты керек етеді, сол уақыттың ішінде осы саладағы ғылымдар үзбей, қауырт ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуі өте қажет. Соның нәтижесінде ғана қазақ тілін оқу орыс тілінде жүргізілетін мектепте оқытудың теориялық негізі қаланады.

Орыс тілді мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесін жан-жақты зерттеу, оның теориялық негізін құру келешектің ісі болғанымен, мектепте қазақ тілін оқыту — күні бүгін жүріп жатқан іс. Оны келешекке қалдыруға болмайды. Бұл үшін алдымен мектеп оқулықтары мен бағдарламалары керек болды. Сондықтан осы күнделікті қажеттілікпен байланысты орыс тілінде оқытылатын мектепте жүретін қазақ тілінің бағдарламалары мен оқулықтары жасалды. Бұл жұмыстар негізінен Ы. Алтынсарин атындағы білім проблемалары ғылыми-зерттеу институты тарапынан жасалды. Бірақ олар бұл саладағы ғылыми-теориялық зерттеулерге сүйеніп жасалмаған, өйткені ондай ғылыми еңбектер жоқ еді, тіпті бағдарламалар мен оқулықтар жасалған кезде орыс тілді мектепте қазақ тілін оқытудың қалыптасқан тәжірибесі де жоқтың қасы еді. Сондықтан бағдарламалар мен оқулықтарда кемшіліктер болуы мүмкін, кемшіліктер айтылып та жүр, ол — заңды нәрсе.

Бұл айтылғандардың бәрі орыс тілді мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесінің белгілі, анық мәселесінен гөрі анықтауды, зерттеуді керек ететін мәселелері көп екенін көрсетеді. Лингводидактиканың жалпы теориясы, қазақ мектебінде қазақ тілін оқытудың жеке мәселелеріне арналған ғылыми бірлі-жарым диссертациялар, оқытушылар тәжірибесі сияқты дәйектер бұл оқулықтың жазылуына негіз болды.

Орыс тілді мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесінің мақсаты — мұғалімдерді қазақ тілін оқытудың ғылыми негізімен қаруландыру, қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың өзіндік ерекшелігін меңгерту, қазақ тілін ұлт мектебінде оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері, тиімді жолдарымен таныстыру, оларды оқушыларды қазақша сөйлеуге дағдыландыруда қолдана білуге бейімдеу, бағыттау.

Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту әдістемесінің бұл жалпы мақсатын жүзеге асыру үшін, мынадай міндет алға қойылды.

Қазақ тілі екінші тіл саналатын мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізгі міндеті — қазақ тілін оқушының басқалармен, қазақша білетін азаматтармен, қазақтармен достық қарым-қатынас құралына айналдыруға жеткізетін ең тиімді әдіс-тәсілдерін болашақ мұғалімдерге меңгерту. Осы міндетті жүзеге асыру үшін, қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту әдістемесі болашақ мұғалімге қазақ тілінің дыбыстық құрамын, оның өзіндік ерекшелігін оқытудың, қазақ тілінің грамматикалық құрылысын, тілдің сөздік қорын меңгертудің, тіл дамытудың амал-тәсілдерін үйретуге тиісті.

Қазақ тілінің дыбыстық құрамын, оның ерекшелігін оқытудың әдістемесін меңгерген болашақ мұғалім мектепте оқушыларды сөздерді дұрыс айтуға үйрете алады. Ал тілдің грамматикалық құрылысын, тілдің сөздік қорын меңгертудің амал-тәсілдерін үйрету арқылы қазақша сөйлеуге, қарым-қатынас жасауға үйретеді. Өйткені оқушы өз ойын басқаға сөйлем арқылы жеткізеді. Сөйлем құрау үшін, сөздерді бір-бірімен байланыстыру қажет, ол үшін сөздерді байланыстыратын тілдік тұлғаларды білу керек. Мұның бәрі тілдің грамматикалық құрылысының мәселелері, оларды меңгертудің амал-тәсілдерін үйрету керек. Сол тәсілдер арқылы ғана тілдің грамматикалық тұлғаларын дұрыс қолдану дағдысын оқушыда қалыптастыруға болады. Бірақ қазақша сөйлеу үшін ол жеткіліксіз. Оқушыға белгілі шамада сөздік қорды меңгерту керек. Оқушының сөздік қорын байытудың өзіндік амал-тәсілдері бар. Болашақ мұғалім оларды жақсы меңгеруге тиісті. Міне, сонда ғана болашақ мұғалім оқушыға қазақ тілін пікірлесу құралына айналдыруға жағдай жасайды.

II. ҚАЗАҚ ТІЛІН БАСҚА ҰЛТТАРҒА ОҚЫТУ ТАРИХЫ

Тіл — ұлттың аса ұлы игілігі, әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Ұлттық мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюіне тығыз байланысты¹.

¹ Қазақ ССР Тіл туралы Заңы. Алматы, 1989, 5-б.

Атап айтқанда, тіл — кез келген ұлттың тарихи субъектісі ретінде өмір сүруінің ең алғашқы шарттарының бірі. Әр ұлт өзінше қымбат, бағалы. Әрбір ұлт, мейлі үлкен болсын, кіші болсын, мәңгілік болуды қалайды және бұл оның табиғи құқы. Бұл үшін сол халықтың тілі, өз топырағында тамыр жайып өмір сүруге тиіс, ал оның қасында өзге тілдер де қатар гүлдене беруі керек.

1990 жылдың маусым айында қабылданған Қазақ ССР-ның Тіл туралы Заңы ана тіліміздің өркендеп, қанат жаюына жол ашып отыр. Қазақ тіліне мемлекеттік тіл дәрежесі берілуіне байланысты басқа ұлттардың өкілдеріне қазақ тілін үйрету мәселесі қазір ерекше қойылып отыр. Оған Қазақ ССР Тіл туралы Заңының 17, 19 баптары дәлел. Бірақ бұл мәселе өте үлкен маңызды мәселелердің бірі саналып отырғанына қарап, ол қазір ғана басталған мәселе деп ойлауға болмайды. Қазақ тілін өзге ұлтқа оқыту мәселесінің басқа пәндерді оқыту мәселелері сияқты өзіндік тарихы бар. Сондықтан бұл мәселелерге байланысты мәліметтерді зерттеп, талдау жасау нәтижесінде қазақ тілін басқа ұлтқа оқытудың даму жолын мынадай үш кезеңге бөлуді жөн көрдік:

1. Қазан төңкерісіне дейінгі кезең;
2. Қазан төңкерісінен кейінгі кезең;
3. Қазіргі кезең.

Қазақ тілін басқа ұлт өкілдерінің оқып-үйрену мәселесі бұдан әлдеқайда бұрын Қазан төңкерісіне дейін басталған. Бірақ Қазан төңкерісіне дейін қазақ тілін басқа ұлтқа оқыту сол кездің ерекшелігіне сай уақыт талабынан туған мәселе болатын. Атап айтқанда, қалың бұқараны отаршылдық қысымға алу мақсатында патша өкіметі қазақ өлкесінде жергілікті халықпен тікелей қарым-қатынаста болатын патша өкіметінің билеуші қызметкерлерінің, шенеуніктерінің жергілікті тілді үйренуі қажет деп саналды. Ол жергілікті халықты билеуші кейбір генерал-губернаторлардың ұсынысына негізделіп отырды. Бұл туралы сол кездегі баспасөз бетінде оқтын-оқтын мәселе көтеріліп отырды. «Түркістан ведомосы» газетінде, «Торғай газеті» беттерінде жергілікті халықтардың тілін сол жерде қызмет етіп жүрген патша өкіметінің әкімдерінің қазақ тілін үйренуі қажет екені туралы мақалалар жарияланып тұрды. Ол мақалаларда жергілікті жерде қызмет атқарушы патша үкіметінің қызметкерлерінің қазақ тілін үйренуі қазақтарды басқару үшін, билеу үшін, патша үкіметіне тәуелділігін күшейтіп, орыстандыру үшін қажет екені ашық айтылып

отырған¹. Бірақ қазақ жеріндегі орыс мектебіндегі орыс балалары қазақ тілін оқымаған. Алайда патша шенеуніктерінің қазақ тілін үйренуі қажет деп саналмағанымен, іс жүзінде оған жағдай жасалмаған, сондықтан ол сөз жүзінде ғана қалып отырған.

Миссионерлер, кейбір әкімшіліктер ұйымдастырған қазақ тілін үйрету үйірмелері ісінің дамуына мемлекет тарапынан елеулі қамқорлық болмаған. Бұл жағдайлардың барлығы қазақ тілін үйрету мәселесінің Қазан төңкерісіне дейін дамымауына себеп болған.

Қазан төңкерісінен кейін Қазақстанда Кеңес үкіметі орнағаннан соң ғана, қазақ тілін басқа ұлттарға оқыту мүлдем басқаша қойыла бастады. Атап айтқанда, бұл кезеңде қазақ тілін басқа ұлтқа оқыту мәселесі ресми түрде қойыла бастады.

1920 жылы қабылданған «Қазақ АССР-і еңбекшілері құқығының Декларациясы» республикадағы барлық тілдің құқықтылығын жариялады. Осы жылы 22 мамырда Түркістан майданының Реввоенсоветінің «Орыс тіліндегі мектептерде, оқу орындарында, мекемелерде қазақ тілін міндетті түрде оқыту» жөніндегі бұйрығы шықты. Бұл кезде іс қағаздары қазақша жүргізілді. Сондықтан бұл бұйрықтың қазақ тілін үйренуге әсері болды.

Осы бұйрық негізінде Жетісудың облыстық халық ағарту бөлімі тезінен «қазақ (қырғыз) тілі пәні мұғалімдерін даярлайтын және жетілдіріп қайта даярлайтын көптеген курстар ашуға кірісті»².

Верный қаласында Д. А. Фурмановтың бастауымен 150 кісілік қазақ педагогика курсы ашылды.

Қырғыз, қазақ, ұйғыр мұғалімдерінің даярлануымен қатар, мектептерде, партия, кеңес, кәсіподақ ұйымдарында жұмыс істейтін орыс жолдастар арасында, сондай-ақ, Қызыл Армияның саяси қызметкерлері мен командирлері арасында қазақ тілін үйрену жұмысы кеңінен жүргізілді.

1920 жылы сәуірде Д. А. Фурмановтың ұсынысы бойынша, Верныйда саяси қызметкерлерге қазақ тілін үйретін алты айлық курс ашылды. Бұл курста Д. А. Фурмановтың өзі де оқыды»³.

Барлық қысқа мерзімді педагогика курстары мен

¹ «Туркестанские ведомости», 1906, 27-сәуір. «Тургайская газета», 1906, 2-сәуір.

² В братском единстве народов СССР. Документы материалы 1920—1933 гг. Алматы, 1972, с. 44.

³ ЦГА Каз ССР, ф. 787, по 1, д. 689, л. 48 пб.

³ Алматы облыстық архиві. А., 489-фонд, 2-тізімі, 246-іс.

орыс мектептерінде қазақ тілін үйретуге зор маңыз берілді.

1921 жылы Қазақ АССР-і халық Комиссарлары Советінің «Республика мемлекеттік мекемелерінде қазақ, орыс тілдерін қолдану» жөніндегі Декретінде тілдердің қолдану тәртібі нақтыланып, қазақ және орыс тілдері тең праволы қолданылады»¹ деп жарияланды. Бұл орыс тілінің республикада қолданылу мүмкіндігін күшейтті. Қелесі аталуға тиісті құжат — 1923 жылы «Істі қазақ тілінде жүргізу жөніндегі Қазақ АССР-і Атқару Комитетінің Декреті». Мұнда, қазақ, орыс тілдерінің мәртебесі былайша анықталды: «Қазақ, орыс тілдерін Қазақ АССР-і қоғамдық мекемелері мен ұйымдарында қолдану, істі орыс тілімен қатар, қазақ тілінде жүргізу жөнінде», тағы басқа бірсыпыра мәселелерге байланысты үкімет заңы деңгейіндегі Декрет қабылданды².

Барлық мекемелерде істі қазақ тілінде жүргізу туралы үкімет тарапынан арнайы қаулы-қарарлар қабылданды. Бұған орай сол кезде мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллин бірнеше мақалалар жазды: «Кеңселерде істі қазақ тілінде жүргізуге кірісу», «Қазақстанның заң комиссариатына теңеліндер» тағы басқа мақалаларында ақын қуаныш сезімін былай білдірді: «Кеңселерде қызмет істері қазақша жүргенде ғана, бұл күнге дейін керексіз болып келген қазақша хат білетін адамдардың бағалары артады»³. Қазақ тілі мен орыс тілінің Қазақ АССР-і көлемінде тең тілдер болып жариялануы орыс тілінің мемлекеттік тіл ретінде заңды түрде орын алуына кең жол ашты. Істі орыс тілімен қатар қазақ тілінде жүргізу қажет деп саналғанымен, үкімет орындарында, басқарушы қызметте орыс тілін білетін азаматтардың күшеюі басым болды, барған сайын олар көбейе берді, қазақ тілін ғана білетін адамдар үкімет қызметінде азая берді. Дамудағы осы өзгеріске орыс тілінің қазақ тілімен қатар мемлекеттік тіл болуы басты себептердің бірі болды. Іс қағаздарының орыс тіліне көшуіне даңғыл жол ашуына осы Декреттегі «Іс қағаздарды орыс тілімен қатар қырғыз-қазақ тілінде жүргізу»⁴ деген жолдар себеп болды. Бұл жағдай қазақ тілінің бірте-бірте шет-

¹ Декреты и постановления ЦИК, СНКИ сто КирАССР. I жинак, 174—175-с., 1921.

² Қазақ ССР Орталық Мемлекеттік архиві: 5-қор, 3-тізім, 2-іс, 104—105-б, 1923 ж.,

³ Сейфуллин С. О киргизском языке. «Советская степь», 1923 декабрь, 2-б.

⁴ Кенжебаев С. Советы в борьбе за построение социализма.

теліп, орыс тілінің үстемдік етуіне әкеп соқты. Іс қағаздарының орыс тілінде жүргізілуі қазақ тілінің қоғамда қажеттілігін жойды.

Бұдан кейін, 1926 жылы, Қазақ АССР-нің Орталық Атқару Комитеті президиумының «Аппаратты тұрақтандыру жөніндегі» қаулысы қабылданды. Қаулыда ересектер үшін қазақ тілінің кешкі курстарын ұйымдастыру (ерікті түрде), ал екінші басқышты мектептердегі еуропалықтардың балаларын қазақ тіліне міндетті түрде оқыту қажеттілігі атап көрсетілді. Бұл басқа ұлт өкілдерінің қазақ тілін оқуына қозғау салды. Ал, 1933 жылы Қазақстандық VIII өлкелік партия конференциясы өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін үйренуін жеделдеттіруді барлық партия ұйымдарына міндеттеді.

Сондай-ақ Қазақстан КП Орталық Комитеті мен КССР халық Комиссарлары Советі өздерінің 1938 жылғы сәуірдегі «Республиканың қазақ мектептерінде орыс тілін міндетті түрде үйрену туралы» қаулысында I—IV кластарында оқытатын әрбір орыс тілі мұғалімінің қазақ тілін де білетін болуын талап етті¹.

Осыған байланысты орыс тілінен сабақ беретін мұғалімдерді курстар арқылы дайындаудың қосымша жоспары қабылданды. Осы жоспар негізінде 1938 жылы 4865 орыс тілі мұғалімі, 1939 жылы 3845 орыс тілі мұғалімі 4 айлық қазақ тілінен білімін көтеру курстарын бітірді². Осы жылдары өзге ұлттың өкілдеріне, мұғалімдер, кәсіподақ, совет-партия, қызметкерлеріне қазақ тілін білгені үшін жалақыны қосымша алу сияқты көтермелеу болды. Бұл сияқты шаралар өзге ұлт өкілдерінің жергілікті халық тілін үйренуге құлшынысын туғызды, өкінішке орай ол ұзаққа созылмады.

1941—1957 жылдары Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейін халық шаруашылығын қалпына келтіруге байланысты, Қазақстан үлкен қиыншылықтарды басынан кешірді. Бұл ауыр кезең Қазақстанның халық ағарту саласында да аз зардабын тигізбей қойған жоқ. Көптеген оқушылар мен мұғалімдер, жоғары оқу орындарының студенттері, оқытушылары майданға кетті. Педагог кадрлар мәселесі қиындады.

Ленинградтан, Украинадан, Белоруссиядан, РСФСР-дің батыс облыстарынан, Солтүстік Кавказ бен Повол-

¹ Хасанов Б. Языки народов Казахстана и их взаимодействие. Алматы, 1976, с. 56.

² Қазақ ССР Мемлекеттік Орталық архиві, 1682 ф. 1 тізім, 144-буда 389«а»-іс, 61-табақ, сондағы 112-буда, 818-іс, 68-табақ.

жъеден көптеген отбасылар Қазақстанға қоныс аударды. Бұл жағдай республиканың оқу-ағарту саласының жұмысының мазмұнын едәуір өзгертті.

СССР Халық Комиссарлары Советінің 1943 жылғы 30 маусымдағы қаулысына сәйкес осы жылдары Қазақстан территориясында көптеген орыс, поляк мектептері ашылды¹. Осы жағдайға байланысты, 40 жылдардың басынан бастап, республикада оқуды орыс тілінде жүргізетін кадрлар дайындау, орыс тілінде оқулықтар мен оқу құралдарын жасау жөніндегі мәселеге ерекше көңіл бөлінді. Қазақ мектептерін, қазақ тілін дамыту, қазақ тілін өзге ұлттарға оқыту мәселесі дағдарысқа ұшырап, біртіндеп назардан тыс қала бастады. Ұлттық тіліміздің жағдайының нашарлауына жаны күйзелген Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Сәрсен Аманжолов ана тіліміздің мүшкіл халі жөнінде жоғары орындарға екі рет хат жолдаған. Алғашқы хатын 1954 жылы 15 тамызда жазған. Ол хатында С. Аманжолов Қазақ ССР Оқу-ағарту Министрлігі мектептегі, жоғары оқу орындарында оқу жоспарынан қазақ тілін орыс бөлімінде оқытуды алып тастау жөнінде шешім қабылданғанын айта келіп, «Аталмыш шешім, менің түсінігімше, Компартияның ұлт саясатынан туындап отырған жоқ. Орыс және қазақ халықтарының таллап тілектеріне жауап бере алмайды, халықтар достығының принциптеріне қайшы келеді, қазақ тілінің республикадағы Мемлекеттік тіл ретіндегі маңызына нұқсан келтіреді»²— дейді.

Профессор С. Аманжолов осы жылдың 24 тамызында жазған екінші хатында: «Қазақ тілін орыс мектептерінен және жоғары оқу орындарынан, орыс группаларынан алып тастау өрескел қате ...қазақтың ұлттық тілін өрескел бұрмалаудың бір түрі болып табылады»³— деп көрсетеді. Осы хатында ғалым қазақ тілінің оқытылуының жақсы нәтиже бермегендігінің келесі себептерін айтты:

1. Қазақ ССР Оқу Министрлігі қазақ тілін оқытудың сапасын жақсарту мәселесімен айналыспаған.
2. Кадрлар дұрыс таңдалмаған.
3. Жоғары оқу орындарында қазақ тілін орыс мектептерінде оқытатын мамандар дайындалмайды.

¹ Хасанов Б. Языки народов Казахстана и их взаимодействия, Алма-Ата, 1976, с. 56.

² «Қазақ әдебиеті» газеті 18 август 1989 ж. «С. Аманжоловтың екі хаты» 16-бет.

³ Сонда.

4. Қазақ тілі бойынша толыққанды оқулықтар шығарылмады..

5. Қазақ ССР Оқу Министрлігі оқытушы-ұстаздарға методикалық көмек көрсетпеді.

Автордың: «Ұлттық мәдениет түрі болғандықтан, аталмыш республикадағы қызметкерлер, мамандар, мектеп оқушылары мен студенттер жергілікті халықтың тілін міндетті түрде білуі тиіс. Қазақстанда қазақ тілін үйрету жеке адамның қарақан басының жұмысына жатпайды, ол жоспарланып, тиісті күшпен және қаржы-құралдармен қамтамасыз етілуі тиіс»,— деген ақиқат пікір жазған. Мұндай пікірлер бірте-бірте өрби түсті.

1958 жылдың 12-ақпан айында Қазақ ССР Министрлер Советінің (133-інші) «Республиканың қоғамдық және кооперативтік ұйымдарда, мемлекеттік аппаратта іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізуді жақсарту шаралары» туралы қаулысы шықты¹. Осы қаулыға сәйкес республикада 1958—1960 жылдары әртүрлі мекемелер мен қоғамдық ұйымдарда, жоғары оқу орындарында, мектептерде басқа ұлтқа қазақ тілін оқыту ісі қайта жандана бастады.

Сабақтар орыс тілінде жүретін мектептерде де қазақ тілі VIII класқа дейін аптасына екі рет, 4 сағаттан пән ретінде оқытыла бастады. Бағдарламада: «бұл пәнді оқытқанда, оқушылар қазақшаны түсініп, оқитын, тез жазатын, өздерінің ойындағысын қазақша еркін айта алатын болуы қамтамасыз етілуі тиіс»¹,— делінген. Сондай-ақ, бағдарламада: «Қазақ тілін мектепте оқытқандағы басты мақсат — Қазақстанда тұратын барлық ұлттардың жас ұрпағын қазақ халқының тіл мен әдебиетін сыйлау ретінде; бауырмалдық, достық рухта тәрбиелеу»²— деп көрсетілген.

Аталған қаулыға сәйкес жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілі пән ретінде енгізілді. Бірақ осылай қызу басталған жақсы іс 60-шы жылдардың II жартысында кілт тоқтады.

Оған Қазақ ССР Оқу Министрлігінің «Қазақ ССР мектептерінде сабақтар оқушылардың ана тілінде оқытылады, ата-аналар өздерінің балалары қандай тілде оқытатын мектепке беремін десе де ерікті. Орыс тілінде немесе басқа тілде оқытатын мектептерде қазақ тілін

¹ Кенжебаев С. Советы в борьбе за построение социализма. Алматы, «Қазақстан», 1969 с. 129.

¹ Орыс мектептің 1964—65 оқу жылына арналған программалары, (орыс әдебиеті мен қазақ әдебиеті) Алматы, 1964 ж, 27-б.

² Сонда.

оқу-оқымауына балалардың, оқыту-оқытпауына олардың ата-аналарының еркі бар»¹— деген нұсқауы себеп болды.

Қазақ КСР Оқу Министрлігі бекіткен жоспарда 1957—1958 оқу жылынан бастап, орыс мектептерінде оқитын қазақ балаларына ата-аналардың қалауы бойынша ғана, қазақ тілі оқытылатын болды. Мұнымен бірге орыс мектептерінің оқу жоспарында қазақ тілі тек факультативтік пән ретінде енгізілді². Қазақ тілін оқып-үйренуді ешкімге міндеттемеген оқу жоспары қазақ тілінің мектепте оқытылмауына себеп болды. Сондай-ақ қазақ тілі пәнінен баға қойылмады, емтихан алынбады. ОКП Орталық Комитеті мен КСРО министрлер Кеңесінің 1966 жылғы «Жалпы білім беретін мектептің жұмысын онан әрі жақсарту шаралары туралы»³ қаулысы қабылданды. Осы қаулыға сай 1966—70 жылдары орыс мектептерінде оқытылатын қазақ тілі оқу жоспарына қайта енгізілді.

Орыс тілі заң жүзінде жеке дара мемлекеттік тіл болмағанымен, соны үйренуді міндеттеу туралы арнаулы қаулылар 1961, 1978, 1983 жылдары бірінен-соң бірі қабылданды. Қазақ тілі мұндай қаптаған қаулылар қатарына енбеді.

КСРО Ғылым академиясы Тіл білімі институтының директоры В. М. Солнцев айтқандай: «кейбір жерде орыстану саясаты жүргізілді, бұл ұлт мектептерін жабу, ұлт мектептерін негізсіз түрде орыс мектебі деп атау түрінде көрініс берді».

Жергілікті ұлт өкілдері балаларын орыс тілінде оқытатын мектептерге берді. Соның салдарынан осы жылдар ішінде жүздеген қазақ мектептері жабылып қалды. Бұл жағдай қазақ тілінің орыс мектептерінде оқытылуы түгіл, жалпы өмірде қолдану аясын тарылтып, керісінше, орыс тілінің ерекше қарқынмен дамуына себеп болды. Осылай тіл тағдыры созылмалы дағдарысқа душар болып, ана тілімізден қол үзіп қала жаздардай дәрежеге жеткенде, тіл мәселесі қайта көтерілді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қабылдаған «Қазақ және орыс тілдерін оқып-үйренуді жақсарту туралы» 5-мартта

¹ «Қазақ ССР-де мектептің өмірімен байланысын күшейту және халық ағарту жүйесін одан әрі дамыту жайында», Алматы, 1959.

² Қазақ ССР Оқу Министрлігінің арх. 28-т., 57-буда, 10-іс. 156.

³ Нац.-языковые отношения в СССР: состояние и перспективы.

1987 ж. арнаулы қаулысы¹ қазақ тілінің қоғамдық ролі мен қатынас құралы ретіндегі беделін арттыра түсудің нақтылы шараларын белгіледі. Атап айтқанда, қазақ тілін оқып, үйренушілерге арналған оқу құралдарын, бағдарламалар, сөздіктер шығару, қазақ тілінің қысқа мерзімді курстарын ұйымдастыру мектепте, орта және жоғары оқу орындарында қазақ тілі сабағын жүргізу сияқты шаралар қолға алына бастады. Алайда қазақ тілін оқытуға арналған үйірмелер алғаш 1987—1988 жылдары жер-жерлерде ұйымдаса бастағанымен, кейін олар ыдырай берді. Оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептерде қазақ тілін оқыту қайтадан қолға алына бастады, бірақ көпшілік мектептерде қазақ тілі жүргізілмеді. Оған себеп — дайын кадрлардың болмауы. Жоғары оқу орындарының ішінде де бірлі-жарым оқу орындары қазақ тілін факультатив пән ретінде ғана кіргізді.

Тек 1990 жылы Тіл туралы Заң қабылданғаннан соң ғана, қазақ тілін басқа ұлтқа оқыту мәселесіне көңіл қойылып, оны өрістетуге жол ашылды. Тіл туралы Заңның қабылдануына байланысты қоғамымыздың барлық саласында жергілікті тілді қолдану қажеттілігі туды. Тіл туралы Заң 1990 жылдың 1-шілдесінен бастап күшіне енді. Қазақ ССР-інің Тіл туралы Заңына сәйкес республикада жергілікті ұлт тілін одан әрі дамыту, қоғамдық ортада оның әлеуметтік қолдану аясын кеңіту жағдайында біраз шаралар жүзеге асырылуда. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту 1990—1991 жылдарда заңды жүйелі түрге көшті. Жоғары оқу орындарында қазақ тілі жеке пән ретінде енгізілді.

Соңғы уақытта көптеген тіл мамандары, әдістемешілер қазақ тілін орыс аудиториясына оқытудың тиімді жолдарын іздестіріп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр.

III. ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

3.1. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің тіл білімдік негізі

Пәндердің оқыту әдістемесі сол ғылымға негізделеді. Мысалы, химияны оқыту әдістемесі химия ғылымына,

¹ Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «Республикада қазақ тілін үйренуді жақсарту туралы» қаулысы, 5-март, 1987, «Қ.Ә». № 11, 13-март.

математиканы оқыту әдістемесі математика ғылымына, әдебиетті оқыту әдістемесі әдебиет ғылымына т. б. Сол сияқты қазақ тілін оқыту әдістемесі де қазақ тіл біліміне негізделеді. Ол — қазақ мектебінде қазақ тілін оқыту әдістемесіне де, орыс мектебінде қазақ тілін оқыту әдістемесіне де ортақ заңдылық.

Қазақ тілі барлық басқа тілдер сияқты қоғамда адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын қамтамасыз етеді. Ол Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл болғандықтан, оны мекендейтін түрлі халықтардың бір-бірімен қарым-қатынас құралы болғаны көзделеді. Сондықтан қазіргі заманда қазақ тілін Қазақстандағы басқа ұлттарға оқыту әдістемесінің маңызы артып отыр.

Қазақ тілінің — бай сөздік қоры, өзіндік дыбыс құрамы бар, сөзжасам жүйесі мен грамматикалық құрылысы бар. Барлық ұлтқа қазақ тілін оқыту тілдің дыбыстық құрамын, лексикасын, грамматикасын, оқыту негізінде жүзеге асырылады. Қазақ тілін басқа ұлтқа оқытуда тілдің барлық саласынан оқушыға білім беріледі. Тілдің бұл әр жүйесін оқытудың өзіндік ерекшеліктері, жолдары мен тәсілдері болады. Тілдің фонетикасын оқыту мен лексикасын оқыту бір емес. Сол сияқты тілдің лексикасын оқыту әдіс-тәсілдері мен тілдің грамматикасын оқытудың әдіс-тәсілдері бір емес. Бұл тілдік материалдардың бәрі сөйлеуге үйрету мақсатында тілді оқытудан орын алады. Ал сөйлеуге үйретудің де өзіндік ерекшеліктері бар.

Олай болса, қазақ тілін оқыту әдістемесі қазақ тіл білімінің оқытылатын тіл салаларына байланысты белгіленеді. Ол қазақ тілін қазақ мектебінде оқыту әдістемесіне де, орыс мектебінде оқыту әдістемесіне де қатысты. Бұдан қазақ тілін оқыту әдістемесінің тілдік материалға негізделетінін байқасақ, керісінше, тілді оқыту әдістемесінің тіл білімінің түрлі салаларының ерекшелігіне қарай қалыптасатынын көреміз.

Тіл біліміндегі өзгерістер қазақ тілін оқыту әдістемесінің дамуына да әсерін тигізеді. Қазақ тілі бағдарламасы мен оқулығына 60-шы жылдарды «Сөз тіркесі», «Лексика» бөлімдерінің енгізілуі осындай жайларға байланысты болатын. Мысалы, қазақ тілі бағдарламасы мен оқулығындағы фонетика, грамматика жөніндегі материалдар, қазір лексика, стилистика, орфография мәселелерімен тығыз байланыста қарастырылады. Қазақ тілі курсындағы сөз таптары жөніндегі ережелер де нақтыланып, қазір сөзжасам мәселесіне де бағдарлама мен оқулықтарда арнайы орын беріліп отыр. Қазақ тілін

оқыту процесінде оқушылардың сөзді дұрыс айту, сауатты жазу дағдысын қалыптастыруға жете көңіл бөлінгені жөн. Бұл жағдай тілдің фонетика, орфография және орфоэпия сияқты бөлімдерін саналы меңгерту нәтижесіне байланысты. Егер оқушы осы бөлімдер бойынша берілген білімді жете түсініп, жақсы меңгерген болса, онда ол ойын жүйелі, дұрыс айтып, қатесіз сауатты жаза алады.

Атап айтқанда, қазақ тілін оқыту әдістемесі тіл ғылымымен тығыз байланысты, оның дамуына, қойып отырған талаптарына сай жетіліп келеді. Яғни, оқу бағдарламасы бойынша оқушыларға ұсынылатын қазақ тілінің қандай саласы болмасын фонетика, лексика мен фразеология, орфография мен орфоэпия, грамматика қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізгі объектісі болып табылады. Қазақ тілі материалының аталған салаларын оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан қазақ тілі бағдарлама бойынша мектептің оқу жоспарына енген пән болғандықтан, қазақ тілін оқыту әдістемесі оның оқыту әдістері мен тәсілдерін белгілейтін ғылым болып саналады.

Ал қазақ тілін оқыту тәсілдері мен әдістері, амалдары мен жолдары тілді оқыту әдістемесінде тілдік материалға қарай, тіл салаларына қарай белгіленеді.

Қазақ тілінің дыбыстық құрамын оқытпай, қазақ тілін үйрету мүмкін емес. Қазақ тілінің дыбыстық құрамын оқытқанда, қазақ тілінің дыбыстарын оқушыға білгізумен бірге, ол дыбыстардың айтылуы да, жазылуы да үйретіледі. Ал ол — фонетика, емле, орфоэпия салаларының жүйесінен оқушыға білім беру деген сөз. Бірақ ол білім оқушыда қазақ сөздерін дұрыс оқу, айту, дұрыс жазуға дағдыландыру мақсатына бағытталады. Әсіресе, қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігі бар дыбыстардың айтылуына ерекше мән беріледі. Өйткені олар — орыс тілінде жоқ дыбыстар, олардың айтылуын оқушыда дұрыс қалыптастыру тілге үйретудің негізгі міндеттерінің біріне жатады. Осы мақсатқа жету үшін, қазақ тілінің дыбыстық құрамын өткенде, лингафон аппаратын қолданған өте пайдалы. Сонымен бірге дұрыс тындай білуге, дыбыстардың айтылу ерекшелігін аңғаруға, оны дұрыс айта білуге жаттықтыру өте қажет. Дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыруда мұғалімнің дыбыстарды дұрыс айтуы үлгі бола алады, магниттаспасын қолдану өте қажет. Дыбыстардың жеке тұрғандағы айтылуы, басқа дыбыстармен бірге айтылуда, сөз құрамында айтылудағы ерекшелігі магниттаспасына күні бұрын жазылған

мысалдан байқалуға тиісті. Оқушы дыбыстардың айтылуын тыңдап, оның айтылу ерекшелігін аңғарумен бірге, оны дұрыс айтуға еліктеу арқылы оны сол қалыпта қайталауға жаттығуы қажет. Мұнда оқушының есту мүшелері ерекше қызмет атқарады.

Оқушы өз магниттаспасына мысалдарды түсіріп алып, үйде де бірнеше рет магниттаспасына қосыла бірге айту арқылы жаттығуына болады.

Сонымен бірге дыбыстарды өткенде, олардың жазылу емлесі де өтіледі, емленің грамматикамен байланысты өтілуі — өзінше мәселе. Дұрыс жазуға үйрету әдіс-тәсілдері дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету әдіс-тәсілдерінен басқа болатыны белгілі. Дыбыстардың дұрыс айтылуын қалыптастыруда оқушының есту мүшелері қызмет етуіне байланысты оқыту әдіс-тәсілдері де соған лайықты болса, дыбыстардың емлесін оқытуда оқушының көру мүшелері ерекше қызмет атқарады да, оқыту тәсілдері соған лайықты қолданылады. Сондықтан мұнда кестелер, емле сөздіктері, карточкалар көшіру сияқты жазуға қатысты түрлі тәсілдер орын алады, Алайда сөздердің дұрыс айтылуы мен жазылуына оқушыны жаттықтыру тек фонетика саласын өткенде ғана, жасалатын жұмыс деуге болмайды. Ол — тілді оқыту бойында үнемі жүргізіліп отыратын жұмыс. Бұл жұмыс тілдің басқа салаларын өту барысында да бірге жүргізіле береді.

Фонетиканы оқыту тәсілдерінің бәрі бұл арада қамтылып отырған жоқ, бұнда әдіс-тәсілдердің тілдің саласына сай қолданылатынын аңғарту мақсаты көзделді.

Кейінгі кезде тілдік тұлғалардың қолданудағы ерекшелігіне көңіл бөлу дамып келеді. Тілдік тұлғаларды тіл жүйесіндегі мағынасы мен сөз құрамындағы орны тұрғысынан ғана зерттеп қоймай, оның қолданыстағы сөз тіркесіндегі, текстегі мағынасы мен қолдану ерекшелігі, оның мағынаға әсері тұрғысынан да зерттеу өріс алып келеді. Тілдік материалды оқушы тілін дамытуға бағыттауда бұл пайдалы болып саналады.

Осымен байланысты тіл жүйесі мен сөйлеу тілінің ерекшелігі айқындалып келеді. Тіл білімінің бұл бағытының оқу орыс тілінде жүретін мектептерде оқушыны қазақша сөйлеуге үйретуге ықпалы болуға тиісті. Қазіргі кезде тіл оқыту әдістемесінде сөйлеуге үйрету мәселесіне ерекше көңіл бөлініп отыр. Бұдан 20—30 жыл бұрын фонетика мен грамматиканы ғана үйрету, яғни ереже үйрету басым болып, оның нәтижесінде оқушылар сөйлеуге үйренбейтіні анықталған еді.

Тілді оқытуда оқушыға тілдің негізгі салаларынан

мағлұмат беріледі дедік. Ол мағлұмат тіл білімінің ғылыми жетістіктеріне негізделеді. Сонымен бірге тілдік материалдың тілді үйренуге қажеттігі бірінші орында тұрады. Өйткені тілдік материалға сүйенбей, тілді оқыту мүмкін емес. Тілді оқытуда әр тілдік материалға жеке сағат арнауға мүмкіндік болмайды. Ол өте ұзақ уақытты керек етеді. Сондықтан тілді басқа ұлтқа оқытуда тілдік материалдардың байланысын есепке алудың маңызы зор.

Қазақ тілінің салалары бір-бірімен тығыз байланысты, оқытуда ол ескерілуге тиісті. Мысалға, грамматиканы өткенде, морфология мен синтаксистің байланысы ескеріледі. Айталық, септік жалғауларын оқытқанда, оларды сөз тіркесімен байланыссыз оқыту мүмкін емес. Тәуелдік жалғауын оқытқанда, оның ілік септіктегі сөзбен сөз тіркесін жасайтынын байланыстыра оқыту сөйлеуге үйретеді жеңілдетеді. Септеулік шылауларды олар тіркесетін септік жалғауларымен байланыста оқыту қажет. Сол сияқты көсемшені өткенде оны етістіктің шақтарымен байланыстыра оқыту немесе, оның құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңарының баяндауышымен байланыста оқыту пайдалы. Тілде бір-бірімен байланыссыз ешбір құбылыс жоқ. Айталық, қосымшаларды оқытумен бірге, олардың емлесі де оқытылады. Ал синтаксисті тыныс, белгілерімен бірлікте оқыту өте маңызды. Тілдік материалдың байланысын пайдалана отырып оқыту оқу мерзімін қысқартуға көмектеседі. Тілдік материалдарды байланыста оқыту арқылы уақытты үнемдеуге болады. Ал тілдік материалдардың байланысын оқытуда пайдалану үшін, мұғалім оқытылатын қазақ тіл білімінің негізін, оның теориясы мен практикасын, оның табиғатын жақсы білуге тиісті. Сонда тіл материалдарының байланысын сабақта жақсы ұйымдастыруға болады. Ал ол тілді нәтижелі, сапалы оқытуға жол ашады, мұғалімге тілдік материалдарды байланыстыра оқытудың өте тиімді әдіс-тәсілдерін табуға, белгілеуге мүмкіндік береді.

Жіктік жалғауы райға байланысты. Сондықтан жіктік жалғауын райдың түрімен байланысты оқытуға болады. Қөбіне солай оқытылып та жүр. Бірақ оны орыс мектебі үшін міндетті деуге де болмайды. Жіктік жалғауының әр түрінің қандай жағдайда, қай қосымшадан кейін жалғауына қарай да оқытуға болады. Мұны түрліше етіп, тәжірибеде қайсысының жақсы нәтиже беруіне қарап, оны негізге алуға болады. Тілдің материалының өзі мұғалімнің қай тәсілді таңдауға бағыт беріп отыра-

тынын да естен шығаруға болмайды. Тілдік материалдың ыңғайына қарай оқыту тәсілдерінің таңдалатыны жоғарыда фонетика, лексика, грамматика мәселелері сөз болғанда, байқалған еді.

Қазақ тілін оқушының ана тілінің ерекшелігін негізге ала отырып оқыту мұғалімнің екі тілге ортақ мәселелерге уақытты азырақ бөліп, олардың айырмашылығына жататын мәселелерге көбірек көңіл бөліп, оларды қандай типте, қалай оқыту жолдарын іздеуге, таңдауға көмектеседі.

3.2. Қазақ тілін оқытудың психологиялық негізі

Қазіргі кезеңдегі психология ғылымы бойынша психологиялық процестер әрекет арқылы дамиды деп саналады. Бұл көзқарасты алғаш психолог Л. С. Выготский ұсынған. Кейін бұл ғылыми қағиданы оның оқушылары А. Н. Леонтьев, А. Р. Лурия т. б. дамытты. Тіл — адамдардың қарым-қатынасының құралы болғандықтан, осы қызметін атқаруда ол — әрекеттің ерекше түрі болып саналады.

Тілді әрекет ретінде санау, оқыту процесінің мақсатына сай келеді. Сондықтан тіл — әрекет теориясының негізінде қаралуы керек. Тілдің әрекет ретінде қаралуы оның адамдардың тіл арқылы қарым-қатынас жасауымен байланысты. Анығырақ айтсақ, тіл әрекет ретінде қарым-қатынас қызметін атқару үстінде қаралады.

Тілдің қарым-қатынас қызметі байланыстырып сөйлеумен тікелей қатысты. Өйткені тіл арқылы қарым-қатынас жасау байланыстырып сөйлеу арқылы ғана жүзеге асады. Ал байланыстырып сөйлеуге үйрету тілдік материалды оқыту, оқушының сөздік қорын молайту, тілдің грамматикалық құрылысын, яғни грамматиканы оқыту арқылы жүзеге асады.

Байланыстырып сөйлеудің бөліктерінің жүйесі бар. Олар: сөйлем, (текстің ең кіші бөлігі), абзац (бірнеше сөйлемнің тобы), текст, оған топтық байланыстылық, дербестілік тән, сонымен бірге тұйық құрылыс (кіріспе — негізгі бөлім — қорытынды), тұйық мағына (ойдың аяқталуы) тән.

Н. И. Сеченовтың пікірі бойынша қай заманда болмасын ой тудырудың, ойды білдірудің қарапайым түрі біздің үш мүшелік сөйлемге келеді. Сондықтан біз замандасымыздың ойларын бірден оңай қабылдаймыз. Демек, біркелкі ойлау арқылы адамдардың бір тілден екінші

тілге көшуге мүмкіндігі бар. Екінші тілді меңгеру процесі дәл осы жайға негізделген.

Психологияда тіл адамдардың қарым-қатынасында қолданылатын таңбалардың жүйесі болып танылады. Ол таңбалар — дыбыс, сөз, сөз тіркесі, сөздердің түрленуі, бір-бірімен байланысуы. Қай тілде болса да, ондай таңбалар бірнеше мыңдап саналады. Оқушы ол таңбалардың бәрін есте сақтай алмайды, олардың негізгілерін ғана есте сақтауы мүмкін. Адамдардың бір-бірін түсінуі, белгілі тілде қарым-қатынас жасауы сөйлеуші мен тыңдаушының екінші тіл таңбаларын қаншалықты есінде сақтауына және ол таңбалардың мағынасын бірдей түсінуіне байланысты. Екінші тілде сөйлеушілерді мұндай жағдайға жеткізу үшін, сөйлеу, түсіну дағдыларын қалыптастыру үшін, тілді үйретумен байланысты түрлі күрделі оқыту жұмыстары жүргізіледі. Алайда тілді үйретудің нәтижелі болуы басқа да көп нәрселерге байланысты: оқушының психологиялық жағдайы, қабілеті, мұғалімнің тілді үйрету тәжірибесі, мұғалімнің шеберлігі, оқыту тәсілдері, оқыту құралдары, оқулық пен көмекші құралдар, көрнекілік пен оның тартымдылығы, оқу бөлмесінің тартымдылығы, оқушылардың ұйымдаса оқуға икемділігі, бір-бірімен жақсы қарым-қатынасы, оқушылардың қазақ тілін оқуға деген өз ынталары т. б. Сондықтан қазақ тілін оқытуда мұғалім бұл жағдайлардың бәріне мән беріп, ешқайсысын елеусіз қалдыруына болмайды.

Әрбір сабақтың мазмұнына қарай оқыту әдіс-тәсілдерін таңдауда оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне айрықша мән беріледі. Демек, оқушы оқу материалын терең түсініп, саналы меңгеру үшін, оның ішкі заңдылығы мен өзара байланысын дұрыс анықтай білуі қажет.

Оқушы бірінші кластан бастап, қазақ тілін оқу барысында тілдегі қолданылатын түрлі атауларды, мысалы, әріп-дыбыс, сөз, сөз тіркесі, фраза, сөз жасаушы қосымшалар, тыныс белгілерінің атауларын, грамматикалық ереже, анықтамаларды оқып үйренеді. Оларды оқушылар ана тілінің таңбаларының үстіне қосымша таңба ретінде қабылдайды. Оқушы екінші тілдің таңбаларын нашар меңгерсе, ол сөйлеуді қиындатады. Әрине, екінші тілдің мәліметтерін оқушылар бірден меңгеріп кетуі мүмкін емес, тек оның негізгілерін ғана есте сақтауы мүмкін (түсіну керек — жаттау зиян).

Алайда екінші тілдің таңбаларын есте сақтау тілді

меңгерту үшін жеткіліксіз. Оқушыда тілдік таңбаларды орынды, дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру керек.

Психолог С. Л. Рубинштейн: «Дағды саналы түрде автоматтандырылған қимыл-әрекет түрінде көрінеді, ал сонан соң әрекеттің автоматтанған тәсілі ретінде қызмет атқарады» — дейді.

Дағдының физиологиялық механизмдері — жоғары жүйке жүйесіне бағынатын шартты рефлексдер жүйесі, оның бірінші сигналдық системада жасалуы. Басқаша айтқанда, дағды әрекеттің адам бойында орнығуы.

Екінші тілді оқытуда мұғалім сөйлеудің түрлерін үйретеді, үлгілерін көрсетеді, оған оқушыны жаттықтырады, оны ақыл-ойдан өткізіп, саналы қолдануға жеткізеді.

Оқушының тілдік таңбаларды дұрыс қолдану, жазуы да автоматтандырылған әрекет ретінде оның санасында орнығуы сөйлеу, жазу дағдысының қалыптасуы деуге болады.

Тіл үйрету ісінде психикалық процестердің табиғатын ескеру маңызды. Психологтар пікірінше, тіл үйретуде оқушының ойлау қабілетіне, оның ана тілінен алған біліміне сүйеніп, екінші тілде сөйлеу дағдыларын саналы қалыптастыру пайдалы. Сонда ғана қажетті дағдылар орнықты, нық қалыптасады.

Тіл меңгеруде ес процесінің атқаратын қызметі ерекше. Психологтар естің екі түрін ажыратады: ұзақ сақталатын ес және аз сақталатын ес. Тілді меңгеруде және сөйлеу үшін, екеуінің де маңызы зор.

Сөйлеуге қажетті тілдік тұлғалар алдымен аз сақталатын ес арқылы қабылданады, содан кейін барып, жаттығулар, қайталаулар арқылы ұзақ сақталатын белсенді ой әрекетімен байланысты тілдік материал есте жақсы сақталады. Сондықтан екінші тілді үйретуге қатысты жұмыстардың бәрі оқушының ой белсенділігін, қызығушылығын, тілге деген ынтасын арттыратын болуы керек.

Тілді үйренуде оқушының қабылдау процесінің қызметі ерекше. Психологтар қабылдаудың төмендегі түрлерін белгілейді: көру, сезу, есту. Тіл үйренуде есту және сөйлеуді қабылдаудың орны бөлек. Өйткені тіл үйренуде оқушылар алдымен ауызекі сөйлесуге үйренеді. Онда дыбыстарды, сөздерді есту, сөйлеуді қабылдау арқылы үйренеді.

Қазақ тіліндегі сөйлемдер айтылу мақсатына қарай хабарлы, лепті, сұраулы, бұйрық мәнін білдіреді, оларды айту арқылы біз сезім, тілек, өкініш, қуаныш, бұйыру

сияқты адамның әр түрлі психикалық көңіл-күйін білдіреміз.

Оқушылар бір-бірімен сөйлесу барысында тілдің эмоциялық жағын, яғни интонация ырғағын, ымдау қол қимылдарын пайдаланады. Сондықтан тіл — психикалық құбылыстарды танып-білудің де құралы бола алады. Мысалы, оқушы еліктеуіш, одағай сөздерді айтуда, қолдануда тілдің эмоциялық жағын меңгереді.

Қазіргі уақытта сабаққа қойылатын талаптар тұрғысынан техникалық құралдарды пайдалану, кестелер, диаграммалар мен диапозитивтер, магнитофон жазбаларын, кинофильмнің фрагменттерін пайдалану арқылы оқушылардың есту, көру сезімдеріне әсер ете отырып, олардың ойлану қабілетін арттыру дағдыға айналып отыр. Күнделікті сабақта қолданылатын түрлі көрнекіліктер оқушылардың әртүрлі ойлау әрекеттеріне бейімделеді. Түсіндірілген материалды саналы меңгеруге ықпал жасайды.

Оқушының түрлі сезім мүшелеріне әсер етуде көрнекілік пен техникалық құралдардың әсері өте күшті екені дәлелдеуді керек етпейді. Алайда оқушының сезім мүшелерінің бәрін іске қосу арқылы тіл үйретудің мәні зор. Көру, есту мүшелері, ойлау, жазу арқылы моторлы қимыл жасаушы қолды іске қосып, тілдік материалды түсіндіруде оқушының зейінін бір мәселеге аударудың бәрі оқушы сезіміне жан-жақты әсер етуді жүзеге асыруға тиісті. Ол үшін оқушының барлық мүшелерін іске қосатындай амал-тәсілдер құралдар қолдану арқылы сабақты жоспарлаудың маңызы ерекше.

Мектепте оқу-тәрбие процесінде ең қажетті нәрсенің бірі — әр мұғалімнің психологиялық жағынан дайындығы., Негізінен, қазақ тілін оқытуда мұғалім оқушының мынадай психологиялық ерекшеліктерін ескеруі қажет:

1. Сөйлеу процесіндегі ерекшелігі.

2. Оқушының ана тілін меңгерудегі қабілетін ескеру. Қазақ тілі мұғалімі сабақты психологиялық жағынан тартымды етіп құру үшін, төмендегі жағдайларды ескеруі шарт.

1. Сабақтың педагогикалық тұрғыдан ойдағыдай болуы. Атап айтқанда, бұл мынадай мәселелер: мұғалім мен оқушылардың сабақ кезіндегі қарым-қатынасы, мұғалімнің өзін-өзі ұстау мәнері, оның өрелі өнегесі, сөйлеу мәдениеті, оқушыларға қатал талап қоюмен бірге, сыйлай да білуі.